

**АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕГІ ШЕТЕЛ ЗАҢНАМАЛАРЫН  
САЛЫСТЫРМАЛЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУ**

**Батырбек Бекнұр**

[bkk11@inbox.ru](mailto:bkk11@inbox.ru)

**Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Азаматтық, еңбек және экологиялық құқық  
кафедрасының 2- курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі- Б.А.Жусипова**

Азаматтық сот ісін жүргізудің принциптері сотта тараптар арасындағы құқықтық дауды демократиялық жолмен дұрыс және жылдам шешуге үлкен үлесін қосады. Әрбір құқық саласының ерекшелігі оның принциптерінде өз көрінісін табады. Құқық теориясында принциптерді құқықта көрсетілген нормативті бастаулар, бастапқы идеялар, негіздер деп қарастырады.

Заң әдебиеттерінде сот ісін жүргізу қағидасының жалпы саны, атауы олардың ерекшеліктері туралы мәселелерге әртүрлі көзқарастар қамтылған. Мұндай қағидалар процестің басынан аяғына дейінгі сатылардағы идеялар жатқызылған.

Көптеген мемлекеттерде ең көп кездесетін принциптердің бірі диспозитивтік және жарыспалалық - азаматтық сот процесінде аса маңызды сипатын белгілейтін және континентальды процесуальды теорияда белгілі бір ұғым нақтыланған.

Диспозитивтік және жарыспалылық принциптерін біріктіріп бір ұғым бергендердің пікірін қоспай, тек диспозитивті принцип әдетте тараптардың даулы материалдық құқықтары мен бостандықтарына тәуелсіз билік ету мүмкіндіктері және олармен тығыз байланысты процесуалды өкілеттілігімен ажыратылады.

Ағылшын тілінде «disposition» «өкім» деген ұғымды білдіреді. Бірақ Ағылшын заңгерлері осы ұғымды сот ісін жүргізудің жекелеген бастау түрі үшін қолданбайды.

Жарыспалылық- азаматтық сот ісін жүргізу қағидасы ретінде буржуазиялық құқық теориясында орны маңызды. Кең тұрғыдан қарасақ жараспалылық, диспозитивтіліктің барлық элементтердің түрлерін қамтыған. Бірақ осы тұжырымдамалар басшылық бастауларды шектейді: диспозитивтік даудың объектісіне билік етуге бағыталса, ал жарыспалылық талап қою талаптарын қорғау немесе теріске шығару үшін түрлі дәлелдерді ұсыну, фактілердің шеңберін анықтау, дәлелдемелерді жинау, оларды зерттеуге қатысты өкілеттіктер мен міндеттерде нақтыланады.

Біздіңше диспозитивтік принцип азаматтық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыруда азаматтық сот ісін жүргізу принциптерінің жүйесінде қызмет ету бойынша функционалдық принциптерге жатқызамыз, өйткені диспозитивтік принцип азаматтық процесте даудың мәні бойынша дұрыс қарап және шешу негізінен іске мүдделі тұлғалардың тікелей еркілеріне байланысты болады.

Азаматтық сот ісін жүргізу жүйесіндегі жарыспалылық қағидасын жүзеге асыру мәселелесі Қазақстанда, сонымен қатар англосаксондық құқықтық жүйесі, роман-герман құқық жүйесінде және тағы басқа мемлекеттерде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексінің 15-бабы Тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығы қағидасы бекітілген. Осы 15-бабының 3-тармағының нормасы «Сот істің нақты мән-жайларын анықтау мақсатында өз бастамасымен

дәлелдемелер жинаудан толық босатылған, алайда тараптың уәжді өтінішхаты бойынша оған осы Кодексте көзделген тәртіппен қажетті материалдарды алуға жәрдем көрсетеді» делінген [1]

Бұл норма судьяның процестік қатынаста еркіндігіне шектеу қойылған, сондықтан судья өз бетінше дәлелдемелерді сұратуға тек қана талап арызда талап етілген жағдайда ғана дәлелдемелерді сұрата алады, яғни судьяның істі қарау кезінде өкілеттілігінің шектеулігін көрсетіп отыр, тек қана ұсынылған дәлелдемелердің негізге ала отырып шешім шығарады. Демек, судья даудың мән жайын жан-жақты түсінуге мүмкіндік қаралмаған, әділ шешім шығаруына кепілдік барма деген сұрақ туындайды.

Бір елдерде жарыспалылық қағидасы басым, ал кейбіреуінде керісінше сот процесінде белсенді екендігі мәлім.

Шетелдерде құқықтық жүйесінде сот белсендігін тараптардың бәсекелестігінің көрнісі ретінде қарастырады. Мысалы, роман-германдық құқық жүйесіне жататын мемлекеттерде Франция, Германияда тараптардың жарыспалылығы іс жүзінде орын алатынын атап өту қажет.

Осылайша, соттардың белсенді ролі жарыс процесінде мәніне нұқсан келтірмейді, сот төрелігі билік өкілеттіктерін толықтырады және жетілдіреді, өйткені оның мақсаты әділетсіз, заңсыз шешімге әкелуі мүмкін болатын жарыспалықтың теріс салдарын жою.

Мысалы, Францияның азаматтық процесі сотпен қаралатын либералды талап концепциясына бағытталған. Соттың ролі оның атқаратын функцияларынан көрінеді, оларға тараптардың жекелеген іс жүргізу әрекеттерін жасауы үшін тиісті мерзімдерді белгілеу жолымен процестің дамуын бақылау, сонымен қатар істің нақты жағдайларын зерттеу жатады. Осыған байланысты Францияның заңнамасы соттарға іс жүргізу өкілеттіктерін кеңінен берді, яғни сот процесінде соттың ролін күшейтеді.

Франция заңнамаларда азаматтық сот ісін жүргізуде сот тараптардың өтініші бойынша екінші немесе үшінші тараптардан қосымша құжатты талап ете алады.

Сонымен қатар Францияда сот ісін жүргізудің ерекшеліктері дәлелдемелерді жинау соттың өкілеттілігіне жатады. Сот өз бастамасымен дәлелдемелерді талап етуге бағытталған кез-келген заңды әрекеттерді жасауға уәкілетті, сондай-ақ олар талап етілетін себептерді түсіндіруге міндетті емес [2]

Германияның азаматтық сот ісін жүргізу кез-келген басқа ел сияқты, азаматтық іс жүргізу құқығының нормаларында көрсетілген негізгі құқықтық идеяларды білдіретін белгілі бір құқықтық қағидаларға негізделген.

Германияның азаматтық сот ісін жүргізуде нормативтік жіктеу критерийді екі топқа бөліп қарастырады: 1) сот ісін жүргізудің мемлекеттік-құқықтық немесе Конституциялық қағидаттары; 2) сот ісін жүргізудің салалық қағидаттары.

Азаматтық сот ісін жүргізудің мемлекеттік-құқықтық қағидасы Германияның негізгі заңдарында, Конституциясында белгіленген, азаматтық сот ісін жүргізудің салалық қағидасы негізінен Азаматтық іс жүргізу кодексінде бекітілген.

Германияның азаматтық заңнамасында бастапқыда Германияның азаматтық процесі Франциямен ұқсастығы бойынша негізінен тараптармен жарыс бастамасы уақыт келе тараптардың жағдайы әлсіреп, сот басты рөлге ие болды. Германияда жарыспалылық қағидасы тараптардың істі шешуге маңызы бар мән-жайларды анықтау үшін қажетті барлық фактілерді көрсету міндетінен көрінеді.

Талапкердің міндеттеріне талап арызындағы талаптардың негіздемесі кіреді. Осы жағдайға қарсы жауапкердің міндеті өз ұстанымын негіздейтін тиісті дәлелдемелерді ұсыну арқылы талап қою талаптарын теріске шығарудан тұрады.

Соттың өкілеттігін қарай отырып, сот істі шешу үшін маңызы бар дәлелдемелерді жинауға, сондай-ақ тараптар көрсетілмеген мән-жайларды зерделеуге құқығы жоқ екеніне назар аудару қажет.

Осылайша, Германия заңнамасында соттар тараптармен даулы іс пен нақты және заңды фактілерді талқылауға және сұрақтар қоюға міндетті, сонымен қатар, Германияда

соттар азаматтық процесте басшылық рөлін атқарады, бұл іс материалдарын зерттеу кезінде дәлелдемелерді іріктеуге, қиын дәлелдемелерді алуда тараптарға жәрдемдесуден көрінеді. Бұдан басқа, егер істе белгілі бір фактінің бар немесе жоқ екенін растайтын дәлелдер жеткіліксіз болса, соттың белсенділігі белгіленген фактіге қатысты тараптан жауап алуды жүргізуден көрніс табады.

Германияның Азаматтық іс жүргізу құқығы теориясында жариялылық қағидасы екі мағынада қарастырылады: сот ісін жүргізудегі жалпыға міндетті қағидасы және тараптардың жариялылық немесе ашықтық қағидасы.

Бұл қағида мемлекеттің негізгі заңында бекітілген, сондай-ақ оның мемлекеттік-құқықтық сипатына қарамастан, немістің заң әдебиетінде бұл жағдай жариялылық қағидасының болуын дәлел ретінде сирек келтіріледі.

Бірінші дәлел жариялылық қағидасы құқықтық мемлекеттік құрамдас бөлігі болып табылатыны негізделеді, екіншісі жариялылық қағидасы демократия қағидасы болып табылады.

Жариялылық қағидасы қоғамды одан әрі үйлесімді дамыту мақсатында қоғамдық өмірдің бір бөлігі ретінде сот төрелігінің қызметін жалпыға ортақ сыни тұрғыдан ұғыну үшін қоғамды ақпараттандыруға қызмет етеді [3]

Германияның азаматтық іс жүргізу теориясында диспозитивтік қағидасы маңызды салалық қағидасының бірі болып табылады, тараптар сот ісін жүргізудің басталуын, барысын, нақты іс бойынша оның аяқталуын өздері анықтайды. Бұл қағида тараптардың өз бастамасы бойынша даулы істерге билік ету құқығын білдіреді.

1990 жылы Литва тәуелсіз алғаннан кейін, азаматтық іс жүргізу құқығын реформалаудың қажеттілігі туындады. Кеңестік азаматтық процесс жаңа экономикаға және саяси шындыққа сай келмейді.

Реформа барысында азаматтық іс жүргізу жүйесі өзгеріске ұшырады, Кеңес дәуірінде 1964 жылы қабылданған кодекс біртіндеп, іс жүзінде өзгерістерге ұшырып, кодекс жоғалуына әкеп соқты.

Азаматтық іс жүргізу процесінде дәлелдеу саласында бірнеше маңызды жаңалықтар бар, біріншіден, заң шығарушы дәлелдемелердің белгісіне сәйкес келетін әрбір ақпаратты сот тануы мүмкін. Екіншіден, АІЖК-192-бабының 8 бөлігінде бекітілен норма ерекше жағдайларда жазбаша куәгерлерді тарта отырып, дәлелдемелерді назарға алуға рұқсат береді.

Заңда сот отырысында куәдан жауап алу мүмкін емес немесе қиын болған жағдайларда, ол жазбаша куә дәлелдемелерді бағалай алады делінген. Мұндай жағдайларда сот куәнің жеке басын және дәлелдетін мән-жайлардың маңыздылығын бағалауға міндетті болып табылады.

Дәлелдемелер азаматтық іс бойынша тараптардың талаптар мен қарсы пікірлерін дәлелдейтін мән жайлардың бар-жоғын анықтағанда сот негізгі алатын нақты деректер болуы мүмкін және істі дұрыс шешуге мүмкіндік беретін деректерді анықтау үшін сотқа жәрдем ретінде қолданылатын тәсілдер болып табылады[4]

Литва Республикасының сот жүйесі Литва Республикасы Конституциясының IX тарауы нормаларымен заңнамаларымен реттелінеді.

1994 жылы 31 мамырдағы «Соттар туралы» Литва Республикасының Заңы соттардың жалпы құзыретіндегі төрт сатылы жүйесін бекіткен. Соттар мен судьялар тәуелсіз, судьялар істі қарау кезінде тек қана заңды басшылыққа алады. Барлық соттар істерді қарау ашық жүргізеді.

Сот отырысы адамның жеке немесе отбасылық өмірінің құпиясын қорғау мақсатында, сондай-ақ егер істі ашық қарау кезінде мемлекеттік, кәсіби немесе коммерциялық құпия жария етілуі мүмкін болса, жабық болуы мүмкін. Сот отырысы адамның жеке немесе отбасылық өмірінің құпиясын қорғау мақсатында, сондай-ақ егер істі ашық қарау кезінде мемлекеттік, кәсіби немесе коммерциялық құпия жария етпеуге жабық болуы мүмкін.

Литва Республикасының Жоғары Соты, Литва Республикасының апелляциялық соты, округтік, учаскелік (апилинді) және әкімшілік соттар. Жоғарғы Сот төрағасын және

қатарындағы судьяларды Сейм ұсынуымен Республика Президенті тағайындайды және босатылады.

Апелляциялық соттың судьяларын, олардың арасынан төрағаны Сеймнің мақұлданышымен Сот Кеңесінің ұсынуы бойынша Республика Президенті тағайындайды, округтік, учаскелік және мамандандырылған соттардың төрағаларын тағайындауды және жұмыс орнын ауыстыруды Сот Кеңесінің ұсынуымен Республика Президенті жүзеге асырады.

Судьялардың тәуелсіздігін мен әділдігін қамтамасыз ету мақсатында заңдармен белгіленген, судья саяси партиялармен, өзге де саяси ұйымдардың қызметіне қатыса алмайды, педагогикалық немесе шығармашылық қызметтен басқа, ешқандай сайланбалы немесе тағайындалатын лауазымдарды атқара алмайды, кәсіпкерлік немесе өзге де жеке мекемелер де кәсіпорындарда жұмыс істей алмайды.

Мемлекеттік билік және басқару институттарының мен басқа да лауазымды адамдардың Сейм мүшелеріне, судьяның немесе соттардың қызметтеріне араласуына тыйым салынады және заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Судьяның еркіндігі Сеймнің келісімінсіз, ал Сейм сессияларын Президент келісімсіз шектеуге болмайды.

Литва Конституциясында ерекше өкілеттілігі бар соттар құрыла алмайды, егер қажет болған жағдайда істің белгілі бір санаттарын қарау үшін мамандандырылған соттарды құру мүмкіндігін көздейді.

Учаскелік сот бірінші сатыдағы сот болып табылады. Учаскелік соттарда азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істердің тыңдаулары өтеді, оларда апелляциялық соттарға жатады[5]

Сонымен қортындылай келе, шетел заңнамаларындағы азаматтық сот ісін жүргізудегі принциптерінің ерекшеліктері өзіне тән жүйесі мен құрылымы бар екендігіне көз жеткіздік.

Жоғарыдағы аталған мемлекеттердің азаматтық сот ісін жүргізудегі тәжірибесін ала отырып, қолданыстағы Азаматтық процестік заңнамаларды жетілдіру мақсатында соттардың азаматтық сот ісін жүргізудегі сот тәуелсіздігінің кепілдігі ретінде қызметінде заңмен белгіленген өкілеттілігінің шеңберін артыруды көздейді, тараптардың жарыспалалығы қағидасы азаматтардың бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғаудың негізгі нысаны азаматтық сот ісін әділ әрі жылдам шешуге судьяға өз бастамасы бойынша істің мән жайын тараптармен талқылауға, дәлелдерін нақтылауға уақытылы толық жинауға, зерттеуге жәрдемдесуге мүмкіндік беру қажет, сонда ғана дау объективті шешіледі.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. 2015 жылғы 31 қазан//<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>
2. Кулакова В.Ю., Мирзоян М.Э., Соловьев А.А. Гражданский процесс зарубежных стран (Франция и Англия). Учебное пособие для аспирантов-Москва-2017-263с
3. Ушакова М.А., Коновалова К.В., Плотников Д.А. Анализ принципа состязательности в гражданском процессе России и зарубежных стран // Научное сообщество студентов XXI столетия. ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ: сб. ст. по мат. XVIII междунар. студ. науч.-практ. конф. № 3(18). URL: [http://sibac.info/archive/guman/3\(18\).pdf](http://sibac.info/archive/guman/3(18).pdf) (дата обращения: 24.03.2020)
4. Витаутас Некрошюс Тенденции развития гражданского процессуального права после принятия нового ГПК в Литовской Республике 127 [strfile:///C:/Users/%D0%95%D0%9D%D0%A3/Downloads/06\\_Nekroszjus.pdf](strfile:///C:/Users/%D0%95%D0%9D%D0%A3/Downloads/06_Nekroszjus.pdf)
5. Закон Литовской Республики о Судах от 31 мая 1994 г. № I-480 Вильнюс .Источник: <http://www.olitve.ru/gosudarstvo/sudebnaja-sistema>